БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақшасы»
Балабақша директоры
Д.Ирзабекова

2026 жылғы терроризмге қарсы жасалатын жұмыстар жоспары

№	Жұмыс тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылыр
1	Баяндама: Терроризмге қарсы мәселе маңызды мәселе	12.01.2026	Әдіскер Ирзабекова Д.О
2	Балабақша қызметкерлері арасында әңгімелесу, жаднама тарату	11.02.2026	Шаруа. Мең. Джарылкасымова К
3	Терроризмге байланысты қызметкерлерге жиналыс өткізу	12.03.2026	Әдіскер Ирзабекова.Д.О
4	Терроризмге қарсы жаттығу өткізу күзетшілермен	06.04.2026	Шаруа. Мең. Джарылкасымова К.
5	Күзетшілер арасында жиналыс өткізу	19.05.2026	Шаруа. Мең. Джарылкасымова К.
6	Кеңес: «Терроризмге қарсы іс-қимыл ережелері туралы»	19.06.2026	Әдіскер Ирзабекова.Д
7	Қызметкерлерді қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	21.07.2026	Шаруа. Мең. Джарылкасымова К
8	Бейне бақылаудың сақтау мерзімін қадағалау	05.08.2026	Шаруа. Мең. Джарылкасымова К.
9	Терроризмге қарсы іс-қимылдың міндеттері	11.09.2026	Директор Ирзабекова Д .
10	Терроризммен күрес жолдары қызметкерлер мен ата-аналарға кенес	07.10.2026	Әдіскер Ирзабекова.Д.О
11	Экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары	20.11.2026	Әдіскер Ирзабекова.Д.О
12	Балабақша күзетуші қызметкерлерге терроризм туралы кеңес беру	11.12.2026	Шаруа. Мең. Джарылкасымова.К

Scanned with CamScanner

Кезектен тыс педагогикалық жиналыс хаттамасы № 1

12.01.2026ж

Тақырыбы: «Терроризмге қарсы күресті үздіксіз жүргізу»
Өтетін орны: «Аяжан» балабақшасы әдіскер кабинеті
Қатысушылар: Балабақша қызметкерлері – 1қ

Күн тәртібінде

1. Терроризмге қарсы мәселе маңызды мәселе
   (Әдіскер Ирзабекова Д)

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ирзабекова Динара Онгайбаева балабақша қызметкерлеріне терроризме қарсы баяндама оқыды. Ол өз сөзінде, терроризм – мемлекеттің қауіпсіздігін бұзу үшін, мемлекеттік органдардың қабылдайтын шешімдеріне әсер ету үшін және басқада террористік мақсаттарға жету үшін жасалатын құқыққа қарсы, қылмыстық жазаланатын жұмыс. Терроризм актісі – жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті зардартар туындау қаупін төндіретін өзге де іс – әрекеттер жасау немесе жасаймын деп қорқыту, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса, сондай – ақ адам өміріне дәл сол мақсаттарда қастандық жасау. Осы бөбекжай қызметкерлері терроризмге қарсы, тұру үшін барлық қызметкерлер ауызбіршілікте, бірлікте жұмыс жасалуы керек деп аяқтады өзінің баяндамасын.

Жарыс сөз

Балабақша музыка жетекшісі Бауыржан Ислам балабақша әдіскері Ирзабекова Динараның айтқанымен келісетін айтты. Расында қазіргі кезде елімізде ғана емес, интернет желісі арқылы да көріп отырмыз көп елдерде терроризм жаулап алды. Әртүрлі оқиғалар естиміз. Осы зұлымдықпен, терроризммен күресу үшін барлығымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруымыз керек. Бір-біріміздің ойымызды, пікірлерімізді тыңдап, құрметтеп отыру керек деп ойлаймын деді.

Шешім

Әдіскер Ирзабекова Динара «Терроризмге қарсы күрес маңызды мәселе» баяндамасы қанағаттандырылсын.

Хатшы: **Болатова Г.**

Scanned with CamScanner

Хаттамасы № 2

11.02.2026ж

Тақырыбы: «Балабақша қызметкерлер арасында әңгімелесу, жаднама тарату»

Өтетін орны: «Аяжан» жекеменшік балабақшасы

Қатысушылар: Балабақша қызметкерлері – 9

Күн тәртібінде

1.Балабақша қызметкерлері арасында әңгімелесу, жаднама тарату

(Шаруа.мең.ДЖарылкасымова)

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ирзабекова Динара балабақша қызметкерлеріне терроризмге қарсы күрес жұмыстары бойынша қысқаша айтып әңгімелесті. Ол өз кезегінде қазіргі кезде діни фундементализм мен лаңкестік бір ғана аймаққа, бір ғана мемлекетке тән нәрсе болмай отыр. Әлемдік дәрежеде лаңкестікке апаратын діни экстремизм жалғаса түсуде. Түрлі топтар осыны пайдалану арқылы саяси-экономикалық мәселелерді шешуге тырысуда.

Балабақша шаруашылық меңгерушісі К.Джарылкасымова жиналыс соңында терроризмге қарсы күрес туралы жаднамаларды барлық қызеткерлерге таратты. Түсінбеген сұрақтары мен өтініштері болса келіп бөбекжай әкімшілігінен сұрауға болатынын айтып өтті.

Жарыс сөз

Балабақша кіші қызметкері Кенесбаева Карлигаш, шауашылық меңгерушісі Камила Джарылкасымованың түсіндірме жұмысымен келісетінін айтты. Жаднамаларды алып танысты. Елбасы бекітлген террорлық заңнаманы оқып танысқанын айтты.

Шешім:

Шауашылық меңгурушісі К.Джарылкасымова берген жаднама толық таратылсын

Хатшы: **Болатова Г**

Scanned with CamScanner

Хаттамасы № 3

12.03. 2026ж

Тақырыбы: «Терроризмге қарсы қызметкерлерге жиналыс өткізу»

Өтетін орны: «Аяжан» жекеменшік балабақшасы

Қатысушылар: Балабақша қызметкерлері – 12

Күн тәртібінде

1. «Терроризмге қарсы қызметкерлерге жиналыс өткізу»
(Әдіскер Ирзабекова Динара)

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері ИрзабековаД балабақша қызметкерлеріне терроризмге қарсы күрес жұмыстары бойынша қысқаша баяндама оқып, террорлық туралы айтып түсіндіре өтті. Ол өз сөзінде, қазіргі кезде діни фундементализм мен лаңкестік бір ғана аймаққа, бір ғана мемлекетке тән нәрсе болмай отыр. Әлемдік дәрежеде лаңкестікке апаратын діни экстремизм жалғаса түсуде. Түрлі топтар осыны пайдалану арқылы саяси-экономикалық мәселелерді шешуге тырысуда. Н Ибрагимова қызметкерлермен терроризмге қарсы жаттығу жүргізді.

Балабақша шаруашылық меңгерушісі К.Джарылкасымова жиналыс барысында қызметкрлерге баланың қауіпсіздігіне өте мұхият қарауды мықтап тапсырды.Күнделікті жұмыс барысында күмән келетіндей нәрселер ия болмаса күдікті адамдар балабақшаға келген кезде әкімшілі қызметкерлеріне мәлімдеу керектігі тапсырылды. Басқа да түсінбеген сұрақтары мен өтініштері болса келіп балабақша әкімшілігінен сұрауға болатынын айтып өтті.

Шешім:

1.Д.О.Ирзабекова әңгімесі қанағаттандырылды

Хатшы: **Г.Болатова**

Scanned with CamScanner

Хаттамасы № 4

19.05. 2026ж

Тақырыбы: «Балабақша күзетшілеріне терроризмге қарсы жаттығу өткізу»
Өтетін орны: «Аяжан» балабақшасы
Қатысушылар: Балабақша күзетшілері – 2

Күн тәртібінде

Күзетшілер арасында жиналыс өткізу *(Шаруа. мең.Джарылкасымова К.)*

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша балабақшаның Джарылкасымова Камила күзетшілер арасында терроризмге қарсы күрес жұмыстары бойынша қысқаша айтып түсіндіре өтті. Ол өз сөзінде, терроризм – мемлекеттің қауіпсіздігін бұзу үшін, мемлекеттік органдардың қабылдайтын шешімдеріне әсер ету үшін және басқада террористік мақсаттарға жету үшін жасалатын құқыққа қарсы, қылмыстық жазаланатын жұмыс. Осы балабақша күзетшілері терроризмге қарсы, тұру үшін барлық күзетшілер ауызбіршілікте, бірлікте жұмыс жасап, балабақшаға кіріп-шыққан әрбір адамда бақылап,күдікті заттары болса тексеріп, ішке кіргізуге рұқсат бермеу керек деп аяқтады өзінің сөзін. Қазыр терорлық жаттығулар өткізілетін мәлімдеді.

(*балабақша ауласында күзетшілер қызметін бақылау үшін террорлық жаттығу жасады. Аулаға күдікті нәрсе тастап, күзетшінің іс-әрекетін бақылады)*

Жарыс сөз

Балабақша күзетшісі Шаменов Ақберген ол өз кезегінде жұмыс орнының меңгерушісінің ішкі тәртіпті сақтап, объекті 10 минуттан айналып тұратынын мәлімдеді.

Шешім:

1.Шаруашылық меңгерушісі К Джарылкасымова террорлық жаттығуы қанағаттандырылды

Хатшы: **Болатова Г.**

Хаттамасы №6

Scanned with CamScanner

Хаттамасы №5

19.06.2026ж

Тақырыбы: Кеңес: «Терроризмге қарсы іс-қимыл ережелері туралы»
Өтетін орны: «Аяжан» балабақшасы
Қатысушылар: Балабақша қызметкерлері – 10

Күн тәртібінде

1. Кеңес: «Терроризмге қарсы іс-қимыл ережелері туралы»
2. *(Әдіскер Ирзабекова Д)*

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Д Ирзабекова балабақша педагогтеріне терроризме қарсы кеңес оқыды. Ол өз сөзінде,терроризм соңғы уақытқа дейін елімізде ұлттық қауіпсіздікке нақты қауіптендіретіндей дәрежеде емес, тек ықтимал қауіп-қатер ретінде ғана өарастырылып келеді. Сондықтан да болар еліміздің қауіпсіздік жүйесі басқа қатерлерге қарсы, айталық этносаралық шиеленіс, есірткі шарасының жолын кесу, заңсыз миграция сияқты қауіп-қатерлерге төтеп беруге бейімделген еді.Қазақстан Республикасында «Терроризмге қарсы» күрес туралы Заңы қабылданды. Ең бастысы- терроризм, эстремизм сияқты қауіп-қатерге төтеп беріп, тиімді қарсы тұрудың шарты- ол қоғам мен биліктң өзара келісімі, ұлттыі бірлігі.Сондықтан да, басқа да өазіргі заманның сынақтары мен қатерлеріне қарсы тұру үшін- ең алдымен, қоғамның жіктелуіне, бөлінуіне жол бермеуіне және де зұлымдық күрес тек мемлекеттік органдардың парызы емес ол әрбір қазақстандықтың міндеті болу керек. Осы балабақша қызметкерлері терроризмге қарсы, зұлымдыққа қарсы тұру үшін барлық қызметкерлер ауызбіршілікте, бірлікте жұмыс жасалуы керек деп аяқтады өзінің баяндамасын.

Жарыс сөз

Балабақша қазақ тіл мұғалімі Ж Малбағарова өз сөзінде әдіскер Д Ирзабекова айтқанымен келісетін айтты. Расында қазіргі кезде елімізде ғана емес, интернет желісі арқылы да көріп отырмыз көп елдерде терроризм жаулап алды. Әртүрлі оқиғалар естиміз. Осы зұлымдықпен, терроризммен күресу үшін барлығымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруымыз керек. Бір-біріміздің ойымызды, пікірлерімізді тыңдап, құрметтеп отыру керек деп ойлаймын деді.

Шешім

1. Әдіскер Д.Ирзабекова берген кеңесі қанағаттандырылсын

Хатшы: **Г.Болатова**

Scanned with CamScanner

Хаттамасы №6

21.07.2026ж

Тақырыбы: «Қызметкерлерді қауіпсіздік ережелерімен таныстыру»
Өтетін орны: «Аяжан» балабақшасы
Қатысушылар: Балабақша қызметкерлері – 10

Күн тәртібі:
Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарымен таныстыру.

Тыңдалды:
Балабақша шаруашылық меңгерушісі КДжарылкасымова қызметкерлерге ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, өндірістік санитария талаптары, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл тәртібі және жеке қорғаныс құралдарын пайдалану ережелері туралы түсіндірме жүргізді.

Таныстырылған мәселелер:

- Еңбек қауіпсіздігі талаптары;
- Жұмыс орнындағы қауіпсіздік ережелері;
- Өрт қауіпсіздігі шаралары;
- Апаттық жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі;
- Жеке қорғаныс құралдарын пайдалану тәртібі;
- Алғашқы көмек көрсету негіздері.

Қаулы етілді:

1. Қызметкерлер қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды деп есептелсін.
2. Қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау міндеттелсін.

Нұсқама жүргізген тұлға:
Аты-жөні: К.Джарылкасымова
Қолы: _____

Scanned with CamScanner

Тероризм жоспары бойынша жиналыс хаттамасы № 7

2026 жылғы «05» тамыз

Тақырыбы: Бейнебақылау жүйесінің жазбаларын сақтау мерзімін қадағалау туралы

Өтетін орны: «Аяжан» балабақшасы камера кабинеті

АҚПАРЛАМА

1.Бейнебақылау жүйесінің жазбаларын сақтау мерзімін қадағалау туралы

Балабақшаның терроризмге қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, бөбекжай аумағында орнатылған бейнебақылау жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуі және бейнежазбалардың белгіленген сақтау мерзімінің сақталуы бойынша бақылау жұмыстары жүргізілді.

Бақылау барысында балабақша ғимаратының кіреберістері, шығу есіктері, ауласы және басқа да маңызды аумақтардағы бейнебақылау камераларының жұмыс жағдайы тексерілді.

Бейнебақылау жүйесінің жазбаларының сақталу мерзімі қадағаланып, архивтік жазбалардың белгіленген мерзімге сәйкес сақталуы тексерілді. Бейнебақылау құрылғыларының жұмыс істеп тұрғаны және жазбалардың сақталуы бақылауға алынды.

Тексеру нәтижесінде бейнебақылау жүйесінің жұмысында ақаулар анықталған жағдайда, оларды уақытылы жою және жүйенің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау қажеттілігі ескертілді.

Бейнебақылау жүйесінің жазбаларын сақтау мерзімін тұрақты бақылау және терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптарын сақтау жұмыстары мекеме әкімшілігінің бақылауында.

Жауапты тұлға: _____
Лауазымы: Шаруашылық меңгерушісі
Қолы: _____

Scanned with CamScanner

Тероризм жоспары бойынша жиналыс хаттамасы № 8

«11_» _09___ 2026 жыл

Тақырыбы: «Терроризмге қарсы іс-қимылдың міндеттері»

Өткізілген күні: «11»қыркүйек 2026 жыл
Өткізілген орны: «Аяжан» балабақшасы
Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, педагогтер және қызметкерлер
Қатысғандар: демалыстағы, еңбек жарамсыздықтағы қызметкерлер

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Терроризмге қарсы іс-қимылдың негізгі міндеттері.
2. Балабақша ғимаратында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және өткізу режимін сақтау.
3. Күдікті заттар мен азаматтардың әрекеттері анықталған жағдайда қызметкерлердің іс-қимылы.
4. Бейнебақылау жүйесінің жұмысын және жазбалардың сақталуын бақылау.
5. Қызметкерлердің терроризм қаупі туындаған кездегі жауапкершілігі.

ТЫҢДАЛДЫ:

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Д Ирзабекова сөз сөйлеп, терроризмге қарсы іс-қимылдың басты мақсаты – тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау, терроризм қаупінің алдын алу және төтенше жағдай туындаған кезде дұрыс әрі жедел әрекет ету екенін атап өтті.

Қызметкерлерге балабақша аумағына бөгде адамдардың кіруіне жол бермеу, ғимараттағы қауіпсіздік талаптарын сақтау, күдікті заттар анықталған жағдайда оған жақындамау және өз бетінше ұстамау, дереу жауапты тұлғаға және тиісті қызметтерге хабарлау қажеттігі түсіндірілді.

2. Екінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі К Джарылкасымова сөз сөйлеп, ғимараттың кіреберістері мен қосалқы есіктерін бақылауда ұстау, бөгде адамдарды анықтау және тіркеу, қауіпсіздік талаптарының орындалуын тұрақты бақылау қажеттігін айтты.

3.Үшінші мәселе бойынша қызметкерлерге терроризм қаупі немесе төтенше жағдай туындаған кезде сабыр сақтап, дүрбелеңге жол бермеу, тәрбиеленушілерді қауіпсіз жерге шығару, басшылыққа және тиісті жедел қызметтерге хабарлау тәртібі түсіндірілді.

Scanned with CamScanner

4.Төртінші мәселе бойынша бейнебақылау жүйесінің жарамдылығын күнделікті бақылау, бейнежазбалардың белгіленген талаптарға сәйкес сақталуын қамтамасыз ету және жауапты тұлғаның бақылау жүргізуі тапсырылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балабақшада терроризмге қарсы қауіпсіздік шараларын тұрақты түрде қамтамасыз ету.
2. Барлық қызметкерлерге терроризм қаупі туындаған кездегі іс-қимыл алгоритмін сақтау міндеттелсін.
3. Бөгде адамдардың балабақша аумағына рұқсатсыз кіруіне жол бермеу және өткізу режимін сақтау қамтамасыз етілсін.
4. Күдікті заттар анықталған жағдайда оларға қол тигізбеу, орнын өзгертпеу және дереу басшылыққа хабарлау тапсырылсын.
5. Бейнебақылау жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуі және бейнежазбалардың сақталуы жауапты тұлғаға жүктелсін.
6. Қызметкерлермен терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша нұсқама және түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
7. Осы хаттамада көрсетілген тапсырмалардың орындалуын бақылау балабақша директорына жүктелсін.

Жиналыс төрағасы: _____

Хатшы: _____

Scanned with CamScanner